

ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДА ӘЙЕЛ-ҚЫЗДАРДЫҢ ДІНИ САУАТ АШУ МҮМКІНДІКТЕРІ

¹Шаңбаева А.Н., ²Қаңтарбаева Ж.О., ³Бағашаров Қ.С.

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Алматы, Қазақстан)

^{2,3}Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан)

¹shabaya123@mail.ru, ²kantarbevaz@mail.ru, ³kudaiberdi1981@gmail.com.

¹Shanbayeva A., ²Kantarbaeva Zh., ³Bagasharov K.

¹Abai Kazakh National Pedagogical University (Almaty, Kazakhstan)

^{2,3}Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan)

¹shabaya123@mail.ru, ²kantarbevaz@mail.ru, ³kudaiberdi1981@gmail.com.

Аңдатпа: Бұл мақалада қазақ әйелдері арасындағы діни білімнің тарихи траекториясы зерттеліп, оның жеке тұлғаның мүмкіндіктерін кеңейту мен қоғамның дамуына әсері талданады. Авторлар тарихи деректерге сүйене отырып, қазақ әйелдерінің интеллектуалдық және мәдени болмысын діни білімнің қалай қалыптастырғаны туралы жан-жақты түсінік беруді көздейді. Қазақ әйелдерінің рухани және интеллектуалдық дамуы қазақ даласына тән тарихи эволюцияның маңызды аспектісі болды. Көшпелі өмір салты мен қоғамдық-саяси өзгерістерге қарамастан, діни білім әйелдердің интеллектуалдық және рухани өмірін қалыптастыратын қазақ қоғамының ажырамас бөлігі болып қала берді. Діни білім тек тұлғалық және рухани дамудың құралы ғана емес, сонымен қатар дәстүрлерді сақтау және ұрпақтар бойына адамгершілік құндылықтарды нығайту тетігі ретінде де қызмет етті. Қазақ даласына ислам діні кең тарап, исламдық мекемелердің кеңеюімен медреселер әйелдердің сенім және ғылыми дискурсты терең түсінуіне мүмкіндік беретін негізгі білім беру орталықтарына айналды, дегенмен кейінгі түрлі тарихи кезеңдерде, соның ішінде Ресей империясының билігі мен кеңестік басқару кезінде діни білім алу мүмкіндігі әртүрлі идеологиялық және саяси шектеулерге ұшырады. Шектеулерге қарамастан, қазақ әйелдері рухани білімге ұмтылуда, білім алудың балама құралдарын іздестіруде және өз қауымдастықтарында діни дискурсты сақтауда төзімділік танытты. Бұл мақалада авторлар қазақ әйелдерінің діни білімінің тарихи жолын қарастырып, оның медреселер кезеңінен қазіргі институттарға дейінгі эволюциясын анықтайды. Тарихи деректермен жан-жақты талданған бұл зерттеу діни білімнің қазақ әйелдерінің интеллектуалдық және мәдени болмысын қалыптастырудағы ерекше маңызын көрсетуге бағытталған.

Түйін сөздер: қазақ даласы, әйел, медресе, діни білім алу, ислам.

Kіріспе

XX ғасырдың басына дейін қазақ әйелдері жаппай сауатты болмаса да, ішінара діни сауаттылықпен ғана шектелді. Бұл патриархалдық өмір салты, көшпелі өмір салты, жаппай оқу-білімге қол жеткізе алмау салдарынан болды. Кеңес үкіметі 1917 жылы билікке келгеннен кейін бүкіл халықтың, соның ішінде

* Автор-корреспондент - Шаңбаева А.Н., shabaya123@mail.ru

әйелдердің сауатсыздығын жою міндетін қойды. 1920 жылдары алғашқы әйелдер мектептері мен оқу курстары құрылды. Әйел мұғалімдерді оқытып, қазақ тілінде оқу материалдары әзірленді. Әйелдер арасында үгіт-насихат жұмыстары қарқынды жүрді. 1930 жылдары әйелдер мектептері мен курстарының желісі кеңейтіліп, барлық балаларға, соның ішінде қыздарға міндетті бастауыш білім беруді енгізілді. Орта және жоғары оқу орындарында оқитын әйелдердің санын арттыру көзделді. 1940-1950 жылдары әйелдер арасындағы сауатсыздықты жоюды аяқтау мақсат етілді. Қазақ әйелдерінің білім деңгейі көтерілді, қоғамдық өмірдің әртүрлі салаларында жұмыс істейтін әйелдер саны артты. 1950 жылдардың аяғында қазақ әйелдерінің сауаттылығы 90 пайызға жетті. Сауат ашу науқаны Қазақстан тарихындағы маңызды кезең болғанмен, оның барлығы бұратаналарды бағындыру, орыстандыру саясаты негізінде қолға алынды.

Зерттеу әдіснамасы

Бұл зерттеуде қазақ әйелдерінің діни білім алуы мен қазақ жеріндегі діни білім беру орындарының осы бағыттағы маңызын талдау үшін бірнеше ғылыми әдістер қолданылды. Қазақ әйелдерінің діни білім алуының қазіргі уақытқа дейінгі дамуын кезең-кезеңмен зерттеу үшін тарихи әдіс қолданылды. Бұл әдіс арқылы қазақ әйелдерінің тарихтың әр кезеңіндегі діни білім алу үдерісі тарихи контекстте талданды. Жүйелік талдау әдісі қазақ әйелдерінің діни білім алу ретін анықтау үшін қолданылды. Талдау әдісі арқылы қазақ әйелдерінің діни білім алған діни әдебиеттерінің мазмұнын талдауда септігін тигізді. Қазақ әйелдерінің діни білім алуында оқыған діни әдебиеттері мен мекемелерін ішкі құрылыс, мазмұн тұрғысынан салыстыруда салыстырмалы талдау әдісіне жүгінілді. Қазақ әйелдері оқыған медресе, білім ошақтары туралы жазылған тарихи деректер мен әдебиеттерге, мұрағаттық құжаттарға, исламдық білім беру жүйесі бойынша жазылған еңбектерге контент талдау жүргізілді. Бұл әдіс арқылы медреселердің мазмұны, білім беру әдістері мен оқыту бағдарламалары зерттелді. Зерттеу барысында жоғарыда аталған әдістердің жиынтығы қазақ әйелдерінің тарихи және заманауи рөлін кешенді түрде қарастырып, олардың қазақ қоғамында қандай негізде діни білім алғанын тереңірек анықтауға және түсінуге мүмкіндік береді.

Қазақ жерінде қыздар алғаш сауат ашқан медреселер

Қазақ жеріндегі мұсылмандық мектептер туралы мәліметтерді мынадай зерттеушілер өз еңбектерінде келтірді: Сабитов Н., Тажибаев Т.Т., Остроумов Н.П., Бобровников Н.А., Хабутдинов А.Ю., Мустафина Р.М., Колпачева О.Ю., Алекторов А.Е., және т.б. Ш.Уәлиханов пен Алтынсариннің педагогикалық және ағартушылық қызметі ғылыми ортада аз талданған жоқ. XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ халқының ағартушылары, ұлттық интеллигенция өкілдері С.Асфендияров және М.Тынышбаев жазған ғылыми еңбектер болды. Олар патша үкіметінің білім беру саласындағы отаршылдық саясатын әшкерелеп жазып, нәтижесінде қуғын-сүргінге ұшырады. Шындығы сол, Патшалық әкімшілік отарлау-орыстандыру саясатын табысты түрде жүзеге асыру мақсатымен қазақ қыздарына арналған мектептер ашу мәселесін

қолдай бастады. Торғай әскери губернаторы Я. Барабаш қазақ қыздары «жас ұрпақтың тәрбиешілері ретінде орыс мүддесіне сай әрекет етулері үшін оларға орыс әкімшілігі тарапынан жан-жақты қолдау мен тілектестік көрсетілуі тиіс», – дей келе, облыс территориясында қазақ қыздарын оқыту үшін мектептер ашыла бастағанын және бұл мектептерден шыққаннан кейін олар өз өмірлерін мектепте алған ұғымдарына сай құруға тырысатындары туралы айтты. Орынбор оқу округының попечители Михайлов қазақ қыздарын бұл мектептерде «көлөнер шеберлігімен бірге, сауат ашуға, орыс тіліне оқытуға, сол арқылы қырғыздарды орыстандыруға жағдай жасауға болады» – деп көрсеткенін Тажибаев жазады. Осылайша, ағартушы-ғалым Ы. Алтынсариннің белсенді ынтасымен қазақ қыздарын білімге, мәдениетке тарту мақсатына бағытталған мектептердің ашылуына жол бергенде патшалық әкімшілік өзінің орыстандыру мүддесін көздеген болатын. Осыдан келіп, 1891 жылы Торғайда, Ақтөбе, Қостанай қалаларында, Қарабұтақта бастауыш білім беретін қыздар мектептері пайда болды [1, 67-68 б.].

Патшалық Ресейдің қазақ өлкесіне отарлық саясатының салдары, қазақ мектептері, дамуы мәселелері З.Т. Садвакасова, Г.С. Султанғалиева, Н.Д. Нуртазина, М.Қ. Қойгелдиев, Б.А. Кенжетаев, А. Айтмухамбетов, И.Р. Халитова, М.Н. Сдыков және т.б. зерттеушілер еңбектерінде қарастырылды [3, б. 134]. Н. Сабитов өз жұмысында мынандай статистикалық мәліметтер келтірген, 1895 жылы Жетісу өлкесінде 64 мектеп пен медресе болып, онда 1 251 адам оқыған, ал 1897 жылы 88 мектепте 12 835 оқушы оқыған. Сыр-Дария облысында 1892 жылы 1487 мектеп пен 35 медресе, ал 1895 жылы – 2 409 мектеп, 37 медресе, оларда 28 898 оқушы оқыған. Торғай облысында 1894 жылы 59 мектеп пен медреседе 457 оқушы оқыған болса, 1911 жылы – 103 мектеп пен медреседе 1400 оқушы оқыған. Ақмола облысында 1896 жылы 13 мектеп пен медреседе 547 оқушы, ал 1907 жылы 15 мектеп пен медреседе 970 оқушы оқыған.

XX ғасырдың басында қазақ даласындағы мектеп-медреселердің дені оқытудың жаңа әдісін қолданды. 1913 жылы бүкіл Түркістан өлкесінде жәдидшілдік бағыттағы 92 мектеп-медреселер қызмет еткен. Қазақстанда атап айтқанда, Верныйда Ғабдулуәлиевтер, Ақсуда «Мамания», Қапалда «Якобия», Зайсанда «Қазақия» және «Ғизатия», Қарғалыда «Әмирия» және тағы басқа медреселер ашылды. Бұл оқу орындарының шәкірттері жылдан-жылға көбейіп отырған. Қарғалыдағы «Әмирия» медресесінде 1912 жылы 150-ден артық бала дәріс алды [2, 311 б.].

Посткеңестік кездегі мұсылмандық кеңістіктегі діни білімді қарастыра отырып, мынаны айтуға болады: Орталық Азияның көшпелі халықтарының іс жүзінде исламдануы тек 15-16 ғасырларда қарқынды жүрді. Орта Азиядағы көне қалалар Бұхара, Самарқанд, Ферғана, т.б. Тимуридтер дәуірінде (15 ғасыр) табиғи түрде исламдық білім ошақтарына айналды. Кейінірек дәл осы жерде керемет медресе кешендері салынды. Бұл кезеңдегі исламдық білімнің өркендеуі мына медреселерден тұратын – Самарқандтағы Ұлықбек (1417-1420), Шир-Дор (1619–1636), Тилля-Қари (1646-1647) медреселері, сондай-ақ Бұхарадағы және Орталық Азияның басқа да көне қалаларындағы қазіргі Мир-Араб медреселері (1530-1536 ж.ж.) және Көгелташ (1568-1569) т.б.

Р.М. Мустафина «Представления, культы, обряды у казахов в контексте бытового ислама в Южном Казахстане в конце XIX-XX вв.» атты еңбегінде

қазақтардың ислам келгеннен кейінгі тұрмыстағы ерекшеліктерін талдай келе, исламды қабылдаған қазақтарда басқа халықтар тәрізді мектеп пен одан жоғары тұратын медресе жүйесі болғанын айтады. Мектептің міндеті жазуға үйрету, Құран мен басқа да діни кітаптарды оқыту. Медресе болса, жалпы ислам, ислам құқы бойынша мамандар дәріс оқитын орын. Автор Оңтүстік Қазақстандағы мектеп пен медреселердің саны нақты еместігін айтады. Келтірілетін мәліметтер әртүрлі. Тек Оңтүстік Қазақстанда басқа аумақтарға қарағанда саны көптеу болғаны анық екенін айтады. Н. Сабитовтың пікірінше, орталықта да, Қазақстанның оңтүстігінде де қазақ мектептерінің саны көп болмаған. Ал келтірілген сандардың көптігі көп санды тұрғындары, қалалардағы татар және орталықазиялықтар есебінен болған. Дегенмен Жетісу облысында 1897 жылы 12 835 шәкірт оқыған 88 мектеп пен медресе жұмыс істеген. Сырдария облысында (оған мына елді-мекендер кірді: Ташкент қаласы, Ташкентский, Шымкент, Әулиеата, Түркістан, Перовск пен Қазалы уездері, Амудария бөлімі) 1895 жылы 2409 мектеп пен 34 медресе жұмыс істеп, ол жерлерде оқығандардың жалпы саны 28 898-ді құраған. Бұл оқу орындарының санына қазақтармен қоса Ташкент, Ташкент уезді мен Амудария бөлімінде басым тұратын өзбектер де қосылып кеткен [4, 16-17 б.].

Бағдарлама мазмұны

Мектептерде шәкірттер әдетте араб және араб әліпбиіндегі ең көп таралған дұғаларды жаттаған. Оқыту құралдары «Әптиек» – Құранның жетінші бөлігін құрайтын жинақ (парсы, «хафт» - жеті, «йек» - бір); «Иман шарт», онда әртүрлі дұғалар, мұсылман сенімінің кейбір ережелері, сондай-ақ мазмұны шарият үзінділері бар «Чар кітап»; діни-мистикалық мазмұндағы жыр жинақтары – сопы-Аллаяр (түркі, тіл), Қожа Хафиз, Физули, Бедил (парсы, тіл), сондай-ақ «Бадауам» – татарлардың құдайлық және құдайлық әрекеттер туралы поэмасы; «Қырық парыз»: дәрет, намаз, зекет, т.б.; «Мұхтасар-ул-уикая», онда дәрет алу, құрбан шалу, т.б. Мектепте оқу мерзімі үш жылдан бес жылға дейінгі уақытты құраған. Бірінші жылы шәкірттер араб әліпбиін «Әптиекті» меңгеріп, Құран жаттайтын. Күніне екі-үш әріп пен бірнеше жол құран аяттары жатталатын (Сарысу, Талас және т.б. Жамбыл облысы аудандарында). Мұғалім жергілікті имам (дамулла), молда (азаншы, әйтпесе азаншы, сопы) болатын. Жазда мектептер киіз үйлерде, қыста мектеп ісіне қолайсыз қысқы бөлмелерде, жертөлелерде жүрді. Оқу ақысы ата-ананың жағдайына байланысты болды. Жұма сайын шәкірт «жұмалық» ретінде шелпек немесе 10-15 тиын әкелетін. Жыл ақысы ретінде молда жылқы немесе қошқар (ешкі) алды. Балалар бос уақытында молдаға үй шаруасына көмектессе, ақы алынбаған. Мектептер тұрақсыз әрекет етті: жазда – ауылдар «жайлауға», ал қыста – «қыстауға» тоқтаған. Балалардың көпшілігі үшін оқу мерзімі өте қысқа болды - жылына 4-5 айдан аспайтын. Мектептерде негізінен 6 мен 17 жас аралығындағы ұлдар оқыды, қыздар аз болды. 19 ғасырдың аяғынан бастап Батыс және солтүстік-батыс аймақтардағы қазақ мектеп пен медреселерінде зайырлы білімге деген өскелең қажеттілікті қанағаттандыруға әрекет жасалса, ал Қазақстанның оңтүстік және оңтүстік-шығыс аймақтары 1917 жылға дейін Бұхара медреселеріне қарай бағыт ұстанып, Самарқанд және Орталық

Азияның басқа қалалары осы аймақтарда ислам діні күшейе түсуіне ықпал етті [5, 27-28 б.]. Кеңес зерттеушілері арасында медресенің оқу бағдарламасын айыптағандар табылды. Шенеуніктер, саяхатшылар және облысқа тексерумен келгендердің барлығы негізсіз айыптаумен шектелді. Алайда Н.П. Остроумов медресенің оқу бағдарламасы әрі қарапайым, әрі мағыналы болғанын айтады. Бағдарлама айтарлықтай күрделі, ерекше болды және жергілікті халықтың рухани қажеттіліктерін қанағаттандырды. Шәкірттердің медреседе ондаған жылдар бойы оқығандығынан-ақ оқу бағдарламасының күрделілігін аңғаруға болады [6, 20 б.].

Қыз балалардың діни білім алуы

Қыз балалардың діни білім алу жағдайына нақтырақ келер болсақ, мұсылман қоғамына тән қыздарды тек үй шаруашылығына бейімдеу, аспаздық өнер, құрақ құрау, тігіншілік, тоқыма тоқу, сонымен қатар жекелей үйден діни сауат ашу дәстүрі XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап едәуір өзгерді. Оған патриархалдық қауымдастықтың ыдырауы және капиталистік қатынастардың күшеюі жағдайында Ресей мұсылмандары арасында Батыс пен Шығыс мәдениеттерінің диалогы, әйелдердің қоғамдық өмірдегі орны мен рөліне деген жаңаша көзқарастар әсер етті. Ұлттық баспасөзде, көркем әдебиетте және драматургияда мұсылман әйелдерінің отбасындағы дәрменсіз жағдайы мен қағажу көруі, олардың қоғамнан оқшаулануы, әйел теңдігі, әйел құқығы, әменгерлік, көп әйел алуға және т.б. жағдайларға байланысты проблемалар өзекті мәселе ретінде жиі көтеріле бастады. Бұл уақыттарда бұрынғы қалыптасқан діни білім беру «усулуи қадим» не қадимшілдер (ескішілдер) деп аталса, ендігі жерде жаңа әдісті (усули әл-жәдид) алға тартушылар шықты. Жаңа әдіс мектептері туралы идеялар Орталық Азия зиялылары арасында қолдау тапты. Жаңа әдіспен мұсылман мектептерінің ашылуымен оқу бағдарламасына тек діни пәндер ғана емес, әдебиет, этика, музыка пәндері де енгізілді [7, 47 б.].

Жәдидизм ықпалы

Жәдидизм (араб тілінен аударғанда *جدید* (jadid) – «жаңа») XIX ғасырдың аяғында Ресей империясында пайда болған, қазіргі Ресейді, Орта Азияны және Татарстанды қамтитын исламдағы реформаторлық қозғалыс ретінде тарих сахынасына шықты. Негізгі идеялары білім беруді жаңғырту болды. Жәдидизмді жақтаушылар мұсылмандық білім жүйесіне діни пәндермен қатар зайырлы ғылымдарды (математика, жаратылыстану, тарих) енгізуді жақтады. Олар медреселердегі жаттанды оқу мен жатқа оқуға негізделген дәстүрлі оқыту әдістерін сынап, оқушылардың сыни ойлауы мен дербестігін дамытатын жаңа педагогикалық әдіс-тәсілдерді ұсынды.

Баубекова Г.Д., Жаркымбекова А.Т. XIX ғ. соңы мен XX ғ. басында әйелдердің білімін жетілдіру Орталық Азиядағы білім берудің дамуындағы прогрессивті құбылысқа айналғанын айтады. Келтірген мәліметіне сүйенсек, 1888 жылы 20 қазақ және орыс қыздарына арналған интернаты бар бір сыныптық ауылдық мектеп бағдарламасы бойынша тұңғыш қыздар мектебі ашылды. 1883

жылдан 1895 жылға дейін Астрахань облысында 9 қазақ мектебі ашылып, ондағы оқушылар саны жыл санап 160-тан 307-ге дейін өскен. Оның ішінде 20 қазақ қызы ғана бастауыш білім алған. Ыбырай Алтынсариннің ерекше атсалысуымен 1887 жылы Ырғызда әйелдер мектебі ашылды. 1890-1896 жж. Торғайда, Қостанайда, Қарабұтақ селосында, Ақтөбеде орыс-қазақ әйелдер мектептері ашылды. 1898 жылға қарай мұнда 211 қыз, оның ішінде 70 қазақ оқыған. Қазақтар арасында әйелді оқытуға кедергі келтірген негізгі жағдай әйелдердің құқықтарынан айырылған позициясы және исламның реакциялық дәстүрлері болды.

Тарихи-педагогикалық дереккөздерді зерделеу мен талдау Орталық Азиядағы педагогика тарихы ғасырлар мен заман үндерін жаңғыртып тұратын жарқын беттерге ерекше бай екендігін көрсетеді. Оның бір сипатты қасиеті – ақын әйелдердің педагогикалық процеске тек отбасында ғана емес, қоғамдық өмірге де араласуы [8, 239 б.]. Денисов Д.Н. «Становление мусульманского женского образования в конце XIX – начале XX вв. (на примере Оренбургской губернии)» атты мақаласында Орынборда ашылған қыздарға арналған алғашқы мектеп, медреселер туралы деректер келтіреді. Бұл деректерден Орынбор төңірегінде бірнеше қыздарға арналған діни оқу орындары жұмыс істегенін көреміз.

1897 жылы ірі татар саудагері және меценаты Абдулғани Мұхаммедғалиұлы Хусайынов Сейтовский Посадта (Қарғалы) жаңа әдістеме мектептеріне кадрлар даярлау үшін әйелдер мектебін ашты. Оны алтын өндіруші және ақынның әйелі белгілі ағартушы Махуба ханым Рамиева басқарды. 1910 жылы директорлығына Нәзира ханым Ғайнуллина тағайындалған екінші жаңа әдістемедегі «Мухаррамия» әйелдер мектебі жұмыс істей бастады. 1916 жылға қарай Қарғалы 1-соборлық мешіті жанындағы мектептерде Рақия Ахмедқызы Хисамова, Зейнаб Латыфқызы Хисамова, Нафиса Ахмедқызы Хисамова және Бибі-Размал Мұхаммедшәріпқызы Хаялиналар 120 қызға сабақ берді. 1897 жылдан бастап Хусайынов көпестерінің есебінен Орынборда Фатима Миркалевна Адамованың (1856 - 1925 жылдан ерте емес) жетекшілігімен алғашқы жаңа әдістегі әйелдер мектебі де ашылды. Бастапқыда мұнда оқытылатын пәндердің ауқымы өте тар болды және тек ислам негіздерін, татар тілі мен қолөнерді қамтыса, кейінірек бағдарламаға орыс тілі, арифметика, география және басқа да пәндер енгізілді. Мұғалімдердің жалақысы ай сайынғы оқу ақысынан төленді, ал қалған шығындарды мектептің сенімді адамдары Орынбор көпестері Хусайыновтар көтерді. 1910 жылы Махмұд Мұхаммедғалиұлы Хусайынов өсиет еткен 3000 сомға Каргалинская (қазіргі Комсомольская) және Мурзакаевская (қазіргі Зиминская) көшелерінің қиылысынан мектепке жаңа ғимарат сатып алынды. 1918 жылғы мәліметтер бойынша мұнда 120 қызға 4 мұғалім сабақ берген.

1900 жылға қарай Орынборда 7 мұсылман қыздар мектебі жұмыс істеп тұрды: Мурзакаевская көшесіндегі Хусайыновтың үйінде Фатима Адамова (қазіргі Зиминская), Николаевская көшесінде Фахризиган Акушаева (Совет), Бибі-Фатихи Давлетшина, Лагерная көшесінде (Бірінші мамыр), Хуснизмал Даминева, Каргалинская көшесіндегі Головинскийдің үйінде (Комсомольская), Крыжановская көшесінде Сарбизямал Құрматова (Немовской), Путоловский жолағында Бибимуслюма Шафеева (Селивановский) және Телеграфная көшесіндегі Мистиннің үйінде Азмалбопат Хасанова (Цвиллинга).

Бағбұстан медресесі

Орынборда 1908 жылы ашылған Бағбұстан медресесі де бірыңғай қыз балаларға арналған. Бағбұстан (Мукминова) Момынова ғылымға ынтасы бар қыздарды өзі оқытуды армандайды. Осы мақсатта 1908 жылы Орынбор қаласында жолдасы Гобайдолла Редуди және ұстазы Ф.Адхамовамен бірге осы қыздар медресесін ашып, ұзақ жылдар сол жерде директор болады. Б. Момынова (1884-1963) – ХХ ғасырдың басындағы татар халық ағарту ісінің дамуына зор үлес қосқан көрнекті ағартушы. А. Зиннәтуллинаның айтуынша, шәкірттер білім деңгейіне қарай үш топқа бөлінген. Курстар тек мектеп пәндерін ғана емес, сонымен қатар мектептен тыс жұмыстар, ұлттық театр, музыка, әйелдердің әлеуметтік-құқықтық жағдайы, хиджаб және т.б. қамтыған. Курстардың соңында емтихан өткізіліп, Орынбор қаласының маңызды ұйымдарына экскурсия ұйымдастырылатын [9, 17 б.]. Бағбұстандағы оқу курсы бастапқыда екі жылға есептелген және оған ислам дінінің негіздері, татар және орыс тілдері, арифметика мен қолөнер кіріп, сыныптар діни және жалпы білім беретін пәндер бойынша екі циклге бөлінген. Оқу ақылы болды, бірақ жарналардың мөлшері отбасының қаржылық мүмкіндіктерін ескере отырып белгіленді: 30 қызға - айына 2 рубль, 50 студентке – 3 рубль. және 40 қыз тегін оқыды. Б. Мукминованың өтініші бойынша 1915 жылы қала бюджетінен мектепті ұстауға 150 сом көлемінде жәрдемақы беріле бастаған.

Мұсылман мектептерін құру идеясы

Жергілікті зиялылар жаңа әдіспен мұсылман мектептерін құру идеясын ынтамен қабылдағанмен, бұл тәсіл империялық әкімшілікке сәйкес келмеді. Өйткені татарлар негізінен мұсылман әдет-ғұрыптары мен мұсылман мәдениетін тарату ісіне белсене атсалысқан. Патшалық әкімшілік тұтастай алғанда барлық мұсылмандық мекемелерді елеусіз қалдырды, бұл мекемелердің жаңадан құрылған Түркістан өлкесіндегі мұсылмандардың рухани өміріндегі орасан зор ықпалы мен рөлін ескермеді немесе ескергісі келмеді. Негізінен, патша әкімшілігінің шенеуніктері өлкенің дәстүрлі оқу орындарына менсінбей қарап, тек біржақты пайымдаумен ғана (дәстүрлі ислам мектебін «артта қалған» деп есептей отырып) олардың жалғасуының мәні мен орындылығын, бұл мекемелер мен институттардың жалғасуын жоққа шығарды. Жергілікті әкімшіліктің басты мақсаты облыс тұрғындарын орыстандыруға одан әрі негіз жасау үшін осы мектептердің оқу бағдарламасына орыс тілін енгізу болды. Бұл ретте дәстүрлі оқу орындарының ықпалы, олардың бірегейлігі мен өзіндік ерекшелігі назардан тыс қалды. Біздің ойымызша, жергілікті халықтың орыс мектебіне деген ықылассыздығына бұл мектептердегі бағдарлама мен ортаның халықтың рухани сұранысын, күнделікті тұрмыс-тіршілігін қанағаттандыра алмағандығы себеп болған. Оның үстіне орыс тілі жергілікті халық үшін жат, үйрену қиынырақ болды. В.В. Бартольд өз кезегінде мұсылмандардың орыс мектептерінің пайдасын көрмегенін, курстың айтарлықтай ұзақ болғанын, соның салдарынан балалардың көпшілігі оқуын аяқтамай мектепті тастап кеткенін баса айтады. Ал мектептерде орыс тілін жетік білмейтін мұғалімдер сабақ берді. Сонымен қатар орыс мектептерінің екінші

онжылдығында олар сабақты тек орыс тілінде жүргізе бастады. Барлығы түскі асқа дейін сабақтар тек орыс тілінде жүргізілді, түскі астан кейін шақырылған молда өзінің оқу құралдары арқылы балаларға ислам ілімін үйретті. В.В. Бартольд, патша әкімшілігінің шенеуніктері егер мұсылман балаларына ана тілінде тым көп ақпарат берілсе, бұл орыс емес, жергілікті, мұсылман мәдениетін нығайтуға көмектеседі деп қауіптенді [10, 134 б.]. И.В. Волков «Традиционное мусульманское образование в русском Туркестане (1867-1881 гг.)» атты мақаласында келтірген деректерін былай қорытындылайды: Ресей Түркістанын басқарудың бастапқы кезеңінде 1867-1881 жж. Патша үкіметі мен мұсылман мектебінің арасындағы қарым-қатынастар негізінен оңды болды және елеулі қақтығыстарға бармады. Билік дәстүрлі мұсылмандық білім беру жүйесінің «жаны» болған ислам дінбасыларымен қарым-қатынасты ушықтырғысы келмеді. Сонымен бірге бұл аймақтағы исламның алдыңғы қатарлы бөлігінің Ресей Түркістанының да, бүкіл Орта Азияның да прогрессивті дамуының қажеттіліктеріне сәйкес келетін жаңа конфессиялық мектеп құруға деген ұмтылысын қолдады. Бұл саладағы сәтсіздіктер объективті сипатқа ие болды, бірақ олар аймақтың Кауфманнан кейінгі даму кезеңінде айтарлықтай дәрежеде көрінген қалыптасып келе жатқан тенденцияны кері қайтара алмады [11, 25 б.].

Кеңес Одағы кезінде исламдық білім, әсіресе 1920 жылдардың ортасында діни оқу орындарымен күресу туралы бірқатар қарарлар қабылданғаннан кейін толығымен дерлік жойылды. Сонымен қатар, мұсылман аймақтарындағы барлық діни мектеп-медреселер ғана емес, мұсылман балалары жұмыс істемейтін күндері Ислам негіздерін, Құран мәтіндерін, араб тілін үйренуге баратын жексенбілік мектептер де және басқа да діни пәндер жойылды. Діни тәрбиеге қарсы күрес КСРО-ның барлық жылдарында дерлік жалғасты, сондықтан балалар мен жастарды ислам дінін оқыту қалалар мен ауылдардағы пәтерлер мен жеке үйлерде, таулы аймақтардағы шалғай ауылдарда жасырын түрде жүргізілді. Орталық Азияда, Кавказда және Еділ бойында егде жастағы мұсылман дін басыларының әуесқойлары осылай жасады.

Барлық кеңестік республикалар үшін кәсіби діни білім беру және мұсылман дін қызметкерлерін даярлау мүмкіндіктері тек Өзбекстанда Мир Араб медресесінде (1946 жылдан) және Имам Бұхари атындағы Ташкент ислам институтында (1980 жылдан) пайда болды. Бұл екі оқу орны мұсылман дін қызметкерлерін дайындауға үлкен үлес қосып, КСРО ыдырағаннан кейін де өз қызметін жалғастырды. Патшалық Ресейдің түркі-мұсылман халықтарын, соның ішінде қазақтарды толық жаулап алғаннан кейін, орыс ғалымдары қазақ жерінің тарихына қызығушылық тудырғаны белгілі. Орыстандыру саясатының белгілі өкілдері, миссионерлер Н.И. Ильминский (1822-1891), Н.Остроумов (1846-1930), С.М. Граменицкий және т.б. революцияға дейінгі жылдардағы қазақ даласының діни-рухани отарлауын және орыс халқының «ұлылығы» мен «өркениет миссиясын», орыс емес халықтардың білімі мен жүзеге асырылу жағдайын ерекше атап өтеді. Бұл еңбектерде қазақ даласындағы ағарту жұмыстары, халықтың орысша сауаттылық деңгейі туралы мәліметтер бар. Алайда, бұл шығармалар патша үкіметінің саяси мүдделері аясында жазылғандықтан, олар қазақ халқына рухани салада жасалған зұлымдықты бейнелемейді. Революцияға дейінгі кезеңдегі халық ағарту ісінің дамуы туралы жарық көрген еңбектерде

біз патшалық Ресей саясатында орыс білімінің прогрессивті маңыздылығын баса көрсетіп, қазақ жеріндегі мектептердің рөлінің төмендегенін көреміз. 1927-28-оқу жылында ауыл мектептерінде қазақ ұл балалары оқушылардың 89 пайызын құраса, ал қазақ қыздары мұнда 11 пайыз ғана үлес алады. Салыстырар болсақ, орыстарда бұл көрсеткіштер - 66,3 пайыз және 33,7 пайыз екенін көрер едік [12, б. 30-33].

Жоғарыда сөз етілген жайтты толықтыра кетсек, 1888 жылдан бастап Ырғыздағы әйелдер гимназиясына Ы.Алтынсаринның және жергілікті ұлт өкілдерінің ықпалы бойынша қазақ қыздарын қабылдап оқыта бастаған. Ы.Алтынсарин екі кластық орыс-қазақ училищесінің оқу процесін жасағанда, сол кездегі орталау дәрежедегі орыс мектептерінің оқу бағдарламасын басшылыққа алған. Қыздар мектебінің оқу жүйесін де сол ізбен құрған, яғни мектепте әліппе, география, бөлшекке дейінгі арифметика, сызу, қысқаша орыс тарихы, жаратылыстану сабақтары оқытылған. Мұнда қыздарды машинкамен іс тігу өнеріне де үйреткен. 1888 жылдың басында Ы.Алтынсарин Торғай уездік оқу округының попечителіне кіріп, Ырғыздағы қыздар училищесінің жанынан қазақ қыздары бөлімін ашу туралы мәселе қояды. «... мұндағы негізгі міндет – қазақ қыздарын сәнді-салтанатты өмірге баулу, үйрету емес, орысша, қазақша азды-көпті білім беріп, оқуға, жазуға үйрету, еңбекке, қолөнеріне (іс тігу, тоқыма өнері, т.б.), үй шаруашылығына баулу, қысқасы, болашақ отбасының бақытын өз қолымен жасай алатын адамды тәрбиелеп шығару», – деп мәлімдейді архив құжаттары. Қазақ даласындағы Ы. Алтынсарин мектептерінің тарихын, оқу бағдарламаларының құрылымы мен мазмұнын зерттей келе, сол кездерден бастап қалыптаса бастаған ағартушылық саясатпен қазіргі ХХІ ғасырдағы білім беру саласындағы жаңғыртулар арасында терең сабақтастық бар екенін де байқауға болады, атап айтқанда: - оқытудың заманауи өмірмен байланысын күшейту; - білім алушылардың қызығушылықтарына сәйкес оқыту материалдарын жеңілден күрделендіріп құру; - білім беру мазмұнындағы ұлттық құндылықтарды баланың жас және дара ерекшеліктеріне сай дәріптеу; - жаратылыстану-математикалық, қоғамдық-гуманитарлық ғылымдарының тетіктерін ашу; - білім мен ғылым шеңберін кеңейту аясында шетел тілдерін оқыту; - оқу-тәрбие процесінде ұлттық тәрбие түрлерін дәріптеу және т.б.

Қорытынды

Қорыта келгенде, Революцияға дейінгі және сол жылдардағы қазақ әйелдерінің діни білімін зерттеу олардың қоғамдағы рөлі мен орнын жақсырақ түсінуге мүмкіндік береді. Революцияға дейінгі Қазақстан ислам діні маңызды рөл атқарған патриархалдық қоғам болды. Ислам әлеуметтік қатынастарды реттеуші рөл атқарды. Әйелдер, әдетте, ресми білім ала алмады, бірақ отбасылық және ауылдық ортада мүмкіндігінше қажетті діни білім алды. Дәстүрлі ислам негіздерімен мектеп алғашқы білімді, ал медресе жоғары білім алуға жол ашты. Жаңа әдіс (усули жадид) мектептері бір кездердегі дәстүрлі мұсылман оқу орындарымен салыстырғанда оқыту мен білім беруде ілгері қадам болды. Ескі әдіс мектептерінен айырмашылығы, жадидтік мектептер дыбыстық әдісті ұстанды. Жаңа әдістемедегі мектеп үлгісіне өткенде діни пәндермен бірге

зайырлы пәндер қатары көбейіп, орыс тілі де оқытылды, Кеңестік білім үлгісі тарай бастады. Діни білім алу қайта жаңғырып, әйел балалардың арнайы мектеп, медреселерде білім алуына жәдидшілдікті қолдаған қазақ зиялылары мен татар ұлты өкілдері көбірек белсенділік танытты. Арнаулы қыз балаларға ашылған оқу орындарында оқыған шәкірттер қоғамның сауаттылық деңгейі өсіп, ілгерілеуінде үлкен үлес қосты. Дегенмен барлық жаңа әдіс мектептері 1917 жылғы Қазан төңкерісіне дейін жұмыс істеді. Кейіннен жәдидтік мектептер жойылып, олардың орнына еңбек мектептері ашылды. Бұл кезде қазақ әйелдері жәдидтік мектептердің орнына ұйымдастырылған орта білімді кәсіптік-техникалық училищелерде білім алды.

Әдебиеттер тізімі

1. Шайзан Б., Альмухаметов А.Р., Нұржан Н.М. Патшалық Ресей үкіметінің қазақ даласында жүргізген миссионерлік саясаты // *ҚазҰУ Хабаршы. Философия, мәдениеттану, саясаттану сериясы*. – №1(67). – 2019. – 63-74 бб.
2. Султанғалиева Г.С., Байғараев Н. Қазақ даласындағы жәдидтік қозғалыс: оның негізгі проблемалары // *Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы*. – 1(44). – 2015. – 134-140 бб.
3. Садвокасова З.Т. Духовная экспансия царизма в Казахстане в области образования и религии (II пол. XIX – нач. XX вв.). – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 277 б.
4. Сабитов Н. Мектебы и медресе у казахов (Историко-педагогический очерк). – Алма-Ата: КазССР Академия наук, 1950. – 52 с.
5. Мустафина Р. М. Представления, культы, обряды у казахов. – Алма-Ата: Қазақ университеті, 1992. – 176 с.
6. Остроумов Н.П. Мадрасы в Туркестанском крае // *Журнал Министерства Народного Просвещения*. – VII. – 1907. – 64-74 бб.
7. Алимова Д.А. Особенности развития народного образования в Туркестане в период Российской империи // *Вестник МИЦАИ*. – №10. – 2009. – 47-52 бб.
8. Баубекова Г.Д., Жаркымбекова А.Т. Из истории становления женского просветительства в Центральной Азии конца 19 – начала 20 веков // *Человек, экономика, общество в условиях пандемии: региональные, глобальные и федеральные аспекты: сборник материалов XV Международной научно-практической конференции*. – Ставрополь: Институт Дружбы народов Кавказа, 2021. – 604 с.
9. Зиннатуллина А.Ә. Бағъбостан Мәәминова һәм аның Оренбургтагы қызлар мәктәбе (икенчел анализ материаллары нигезендә) // *Журнал Историческая этнология*. – №9(1). – 2024. – 61-67 бб.
10. Омарбеков Т. Сауатсыздықты жою: науқаншылық және оның салдарлары // *Ақиқат журналы*. – №2. – 1996. – 30-33 бб.
11. Бартольд В.В. История культурной жизни Туркестана. – Ленинград: ИАН СССР, 1927. – 264 с.
12. Волков И.В. Традиционное мусульманское образование в русском Туркестане (1867-1881 гг.) // *Российская революция 1917 г.: история и современность: материалы XIX Всероссийской научной конференции студентов, аспирантов и молодых ученых*. – Москва: РУДН, 2017. – 187 с.

Transliteration

1. Shajzan B., Al'muhametov A.R., Nyrzhan N.M. Patshalyk Resej ykimetiniñ kazak dalasynda zhyrgizgen missionerlik sayasaty [The missionary policy of the Tsarist Russian

government in the Kazakh steppes] // *ҚазҰУ Хабаршы. Filosofiya, мәдениеттану, sayasattanu seriyasy.* – №1(67). – 2019. – 63-74 bb.

2. Sultangalieva, G.S., Bajgaraev N. Қазақ даласындары zhәdiditk қозғалыс: оның негізгі проблемалары [The Jadid movement in the Kazakh steppe: its main problems] // *Abaj atyndazy ҚазҰПУ-нің Хабаршысы.* – №1(44). – 2015. – 134-140 bb.

3. Sadvokasova Z.T. Duhovnaya ekspansiya carizma v Kazahstane v oblasti obrazovaniya i religii (II pol. XIX – nach. XX vv.) [Spiritual expansion of tsarism in Kazakhstan in the field of education and religion (second half of the 19th – early 20th centuries)]. – Almaty: Kazak universiteti, 2005. – 277 s.

4. Sabitov N. Mekteby i medrese u kazahov (Istoriko-pedagogicheskij ocherk) [Mektebs and madrassas among the Kazakhs (Historical and pedagogical essay)]. – Alma-Ata: KazSSR Akademiya nauk, 1950. – 52 s.

5. Mustafina R. M. Predstavleniya, kul'ty, obryady u kazahov [Representations, cults, rituals of the Kazakhs]. – Alma-Ata: Қазақ universiteti, 1992. – 176 s.

6. Ostroumov N.P. Madrasy v Turkestanskom krae [Madrasas in the Turkestan region] // *Zhurnal Ministerstva Narodnogo Prosveshcheniya.* – VII. – 1907. 64–74 ss.

7. Alimova D.A. Osobennosti razvitiya narodnogo obrazovaniya v Turkestane v period Rossijskoj imperii [Features of the development of national education in Turkestan during the period of the Russian Empire] // *Vestnik MICAI.* – №10. – 2009. – 47-52 ss.

8. Baubekova G.D., Zharkymbekova A.T. Iz istorii stanovleniya zhenskogo prosvetitel'stva v Central'noj Azii konca 19 – nachala 20 vekov [From the history of the development of women's education in Central Asia in the late 19th – early 20th centuries] // *Chelovek, ekonomika, obshchestvo v usloviyah pandemii: regional'nye, global'nye i federal'nye aspekty: sbornik materialov XV Mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoy konferencii.* – Stavropol': Institut Druzhby narodov Kavkaza, 2021. – 604 s.

9. Zinnatullina A.Ә. Bag»bostan Mөeminova һәм аның Оренбургтағы қыздар мәктәбе (ikenchel analiz materiallary nigezendә) [Bagobostan Muminova and her girls' school in Orenburg (based on secondary analysis materials)] // *Zhurnal Istoricheskaya etnologiya.* – №9(1). – 2024. – 61-67 bb.

10. Omarbekov T. Sauatsyzdykty zhoyu: nauqanshylyқ zhәne оның saldarlary [Eradicating Illiteracy: Campaigning and Its Consequences] // *Ақиқат zhurnaly.* – №2. – 1996. – 30-33 bb.

11. Bartol'd V.V. Istoriya kul'turnoj zhizni Turkestana [History of cultural life of Turkestan]. – Leningrad: IAN SSSR, 1927. – 264 s.

12. Volkov I.V. Tradicionnoe musul'manskoe obrazovanie v russkom Turkestane (1867-1881 gg.) [Traditional Muslim Education in Russian Turkestan (1867-1881)] // *Rossiyskaya revolyuciya 1917 g.: istoriya i sovremennost': materialy XIX Vserossiyskoj nauchnoj konferencii studentov, aspirantov i molodyh uchenyh.* – Moskva: RUDN, 2017. – 187 s.

Шаңбаева А.Н., Қаңтарбаева Ж.О., Бағашаров Қ.С.

Возможности религиозного образования женщин и девушек в казахской степи

Аннотация: В этой статье рассматривается историческая траектория религиозного образования среди казахских женщин и анализируется его влияние на расширение индивидуальных прав и возможностей и развитие общества. Авторы стремятся предоставить всестороннее понимание того, как религиозное образование сформировало интеллектуальную и культурную идентичность казахских женщин, опираясь на исторические данные. Духовное и интеллектуальное развитие казахских женщин было важным аспектом исторической эволюции казахской степи. Несмотря на кочевой образ жизни и социально-политические изменения, религиозное образование оставалось неотъемлемой частью казахского общества, формируя интеллектуальную

и духовную жизнь женщин. Религиозное образование служило не только средством личностного и духовного развития, но и механизмом сохранения традиций и укрепления моральных ценностей на протяжении поколений. С широким распространением ислама в казахской степи и расширением исламских институтов медресе стали основными образовательными центрами, которые давали женщинам глубокое понимание веры и научного дискурса, хотя в различные последующие исторические периоды, включая правление Российской империи и советскую власть, доступ к религиозному образованию подвергался различным идеологическим и политическим ограничениям. Несмотря на ограничения, казахские женщины продемонстрировали стойкость в своем стремлении к духовным знаниям, в поиске альтернативных средств образования и в своих усилиях по сохранению религиозного дискурса в своих общинах. В этой статье авторы рассматривают историческую траекторию религиозного образования казахских женщин, прослеживая его эволюцию от периода медресе до современных институтов. Это исследование, которое всесторонне анализируется с использованием исторических данных, направлено на демонстрацию уникальной важности религиозного образования в формировании интеллектуальной и культурной идентичности казахских женщин.

Ключевые слова: казахская степь, женщина, медресе, религиозное образование, ислам.

Shanbaeva A., Kantarbayeva Zh., Bagasharov K.

Opportunities for religious education of women and girls in the Kazakh steppe

Abstract: This article examines the historical trajectory of religious education among Kazakh women and analyzes its impact on individual empowerment and societal development. The authors aim to provide a comprehensive understanding of how religious education shaped the intellectual and cultural identity of Kazakh women, drawing on historical data. The spiritual and intellectual development of Kazakh women was an important aspect of the historical evolution of the Kazakh steppe. Despite the nomadic lifestyle and socio-political changes, religious education remained an integral part of Kazakh society, shaping the intellectual and spiritual lives of women. Religious education served not only as a means of personal and spiritual development, but also as a mechanism for preserving traditions and strengthening moral values across generations. With the widespread spread of Islam in the Kazakh steppe and the expansion of Islamic institutions, madrasahs became the main educational centers that provided women with a deep understanding of faith and scientific discourse, although in various subsequent historical periods, including the rule of the Russian Empire and Soviet rule, access to religious education was subject to various ideological and political restrictions. Despite the limitations, Kazakh women have shown resilience in their pursuit of spiritual knowledge, in their search for alternative means of education, and in their efforts to preserve religious discourse within their communities. In this article, the authors examine the historical trajectory of Kazakh women's religious education, tracing its evolution from the madrasah period to modern institutions. This study, which is comprehensively analyzed with historical data, aims to demonstrate the unique importance of religious education in shaping the intellectual and cultural identity of Kazakh women.

Keywords: kazakh steppe, woman, madrasah, religious education, Islam.

Келін түсті 11.09.2025

Қабылданды 12.11.2025